

**Анықтама
Жаппай оқыту**

1.Әлеуметтік қорғалмаған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға тегін ыстық тамақты беруді ұйымдастыру туралы

Оқу жылының басында оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру туралы бұйрық шығарылды, мұнда тегін ыстық тамақ алуға құқығы бар оқушылардың тізімдік құрамы бекітілді. Сонымен қатар оқушылардың уақытылы тамақтануына арнайы тамақтану кестесі жасалынды.

8 қыркүйектен бастап барлық оқушылардың толық ыстық тамақ ішуіне жетік көңіл бөлінді. Ыстық тамақты ұйымдастыру тікелей жауап беретін А.Ж. Сальменоваға жүктелінді. Тағам саласындағы жұмыскерлермен санитарлық сауаттылықпен жеке бастың гигиенасын сақтау туралы жұмысты үнемі жүргізіп оның мектеп медбикесі С.М. Шапуова қадағалауында болады.

Тамақтың сапасы, құнарлығы: тамақтың дайындалуы асхананың режиміне сай, дайындау техникасы бойынша дайындалады. Мектеп әкімшілігі ыстық тамақты ұйымдастыру бойынша «ИП Жоламанов Б» мен келісім шартқа отырды. Азық-түлік сертификаттарын ұсынды.

Жаппай оқыту қоры қаражаты есебінен бастауыш сынып оқушылары және әлеуметтік тұрмыс жағдайлары төмен отбасы балалары үшін тегін тамақпен 26 оқушы қамтамасыз етілген және «Бастауыш сынып» бағдарламасы арқылы 49 оқушы:

- АӘК – 0 оқушы;
- аз қамтылған – 5 оқушы;
- көп балалы оқушы- 15 оқушы;
- ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар – 0 оқушы;
- «Бастауыш сынып» бағдарламасы арқылы – 57 оқушы;

Ал қалған 86 оқушы және даярлық тобынан – 16 оқушы демеушілік арқылы тамақтанады.

2. Жалпыға бірдей білім беру заңының орындалу барысы Республикалық 1 тамыз 30 қыркүйек аралығындағы «Мектепке жол» акцияларының және жалпыға бірдей білім берудің тамыз айындағы айлығын ұйымдастырудан басталды. Кәмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдердің мектепке толық қатысуын қамтамасыз ету және олардың құқығын толық іске асыру мақсатында және аудан білім бөлімінің бұйрығын негізгі ала отырып, жалпығы міндетті оқу айлығын және «Мектепке жол» акциясын өткізу туралы бұйырығын негізге ала отырып жоғарыда аталған іс-шараларды орындау талапқа сай өткізілді.

«Мектепке жол» акциясы бойынша биылғы оқу жылында 20 оқушы үкіметтен материалдық көмек 1073260 теңге алады, әр оқушыға 53663 теңгеден. Ата-аналардың есеп - сөзетына түскен ақшаларына, олар алған тауаларға міндетті түрде чектар алып тапсыру керек.

ТІЖДО: Сальменова А.Ж.